

Список литературы:

- 1 Печенеги // Большая российская энциклопедия: [в 35 т.] / гл. ред. Ю. С. Осипов. — М. : Большая российская энциклопедия, 2004—2017.
- 2 Исчезнувшие народы. Сборник статей (по материалам журнала "Природа")/ Под ред. докт. ист. наук П.И. Пучкова. М., "Наука", 1988 (С.А.Плетнева. Печенеги. Откуда пошли печенеги. С. 35-36).
- 3 Афанасьев Г.Е., 1987. Население лесостепной зоны бассейна Среднего Дона в VIII—X вв. М.
- 4 Ковалевский А.П., 1956. Книга Ахмеда Ибн-Фадлана о его путешествии на Волгу в 921-922. гг. Харьков.
- 5 Плетнева С.А., 1990. Половцы.
- 6 Липец Р.С., 1977. Отражение этнокультурных связей Киевской Руси в сказаниях о Святославе Игоревиче (X в.) // Этническая история и фольклор. М.
- 7 Кучера М.П., 1987. Змиевы валы Среднего Поднепровья. Киев.
- 8 Плетнева С.А. «Кочевники южнорусских степей в эпоху средневековья (IV—XIII века)

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ “30 ЖЫЛДЫҚ СОҒЫС”

Есенжолов Д.С.

Ғылыми жетекшісі: Жылқыбаев К.Д.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
darin.esenjolov777@gmail.com

Отыз жылдық соғыстың (1618-48 ж.) себепкер болған Богемиядағы протестанттық көтеріліспен қатар, Габсбургтерге қарсы құрылған Европалық державалардың мүдделері еді. Осылай Қасиетті Рим империясындағы жанжал европалық күреске айналды.

Сол кезде Франция Европа жерінде мықты мемлекеттердің бірі болды. Еуропада айтарлықтай гегемон болуына Австриялық пен Испандық Габсбургтер кедергі жасайды. Француздар Аугсбургтік діни келісімді қолданып, Германия территориясында өз мүддесін күшейтуді іздеді. Француз монарх басшылары Германиядағы протестант княздеріне қолдау көрсетіп, Габсбургтерге кедергі болады. Сонымен қатар Қасиетті Рим империясынан Эльзас мен Лотарингия жерлерін өз қатарына қосуды көздеді. Католик одағындағы Бавария герцогін өзіне тарту арқылы, одақтың күшін әлсіретуге тырысады. Англияда Габсбургтерді жақтырмады, бірақ сонымен қатар Дания, Швеция, Голандия елдерін күшіюіні қаламады. Сондықтан қақтығыс кезінде екі жақты саясат ұстанды. Дания корольдігі болса, Қасиетті Рим империясының ішіндегі княздік болғандықтан. Габсбургтердің Солтүстік пен Балтық теңізінде күшеюіне жол бермеу және өз беделін күшейтуге мүдделі еді. Швеция болса, Финляндияны, Польшадан Лифляндияны, Ресейден Ладога облысы мен Нарва мен Нева өзен аңғарларын өз құрамына қосқан еді. Оның басты мүддесі Балтық теңізін аймағын басқа елдердің басқа елдердің болуын қаламады. Голландия болса испандық Нидерландыдан Габсбургтерді ығыстыруды көздеді. Сонымен қатар теңіз саудасында өзінің флотының үстемдігін орнатқысы келді. Сол үшін Габсбургтерді әлсірету, Голландия үшін тиімді болды. Сондықтан отыз жылдық соғыста Голландия неміс протестантарға мен Данияға қаржылай көмек көрсеткемімен соғыспады. Өйткені Голландия Испан Габсбургтермен сексен жылдық соғыста біршама әлсіреп қалған еді[3.267].

Отыз жылдық соғысқа тұтануына, Чехия жеріндегі протестанттық толқулар болады. Оған себепкер болға II Фердинант Штильскидің протестантарға деген агрессивті саясаты еді. Билікке келгенмен протестанттизмді уағыздауға тиым салынды және шіркеулер жабыла бастады. Бірақ осыған қарсы ретінде, чех халқы біртіндеп көтеріліске шыға бастады. Оған

дейінгі император Матвей протестанттарға діни еркіндік береді. Соған үйренген чехтар II Ферденанка қарсы көтерілістер жасайды. Прагада 1618 жылы 23 мамырда қаруланған қалалықтар мен протестант ақсүйектері ескі Прага сарайыда Чехияны басқаратын 10 наместник резиденциясына күшпен енеді. Чехтар ескі дәстүр бойынша дефенстрация жасайды немесе терезеден лақтырады. Қозғалыс бүкіл Чехияға таралады. Билік болса, Прагадағы чех сейімі сайлаған деректорлар қолына түседі. Осылай отыз жылдық соғыста чех кезеңі басталады[4.227]. Жаңа чехиялық билік, елде әскери күштерді жинай бастады, сонымен қатар иезуиттерді қуды. Моравия мен басқада жақын жердегі елдермен нидерландылар сияқты Біріккен провинция құру түрінде қарым-қатынастар орнатыла басталды. Фердинантты чех коронасына деген құқығын жоққа шығарып, оның орнына граф Фридрих Пфальцкиді король ретінде сайлайды. Сондықтанда кей кезде бұл кезеңді чех-пфальский кезең деп қаралынады. Чех дворяндары жалпыхалықтық көтеріліс орнына неміс Протестант униясымен одақ болуды жөн көрді. Уния бойынша жалдамалы әскер жинау қолбасшы Мансфельдке беріледі. Чех әскерлері мен оның одақтас Трансильвания княздік әскерлері Вена жаққа бет алып, Габсбург әскерлеріне бірнеше соққы беріп женеді, бірақ чехтарда соғысты ары қарай жалғастыруға қаражат болмады. Оларға басқа неміс протестанттары көмек көрсетеді деген үмітте болды. Ал император билігіне болса, барлық Католик лигасы мен пападан қаржылай көмек жіберіліп отырды. Испаниядан болса әскер жіберілді. Католик лигасы Протестант униясымен соғыс қимылдары тек Чехияда болады деген келісімге келеді [2.298].

Сондықтан 1620 жылы 8 қарашада Прага жанындағы “Белоя Гора” жерінде император мен Католик лигасы әскерлері олардан жаман қаруланған және аз болған чех әскерлерін жеңеді. Чехия мен Моравия және тағы басқа территориялар женген жақтардың қолдарына түседі. Фридрих Пфальцкий болса, Германия жерінен қашады. Император оны курфюрстық құқықтан айырып, оны лига басшысы Максимилиан Баварлыққа беріледі. Осыдан бастап көтерілісшілерге террор басталады. Өлім жазасы мен қанаулар қатығездігімен көрінеді. Католиктік ағымнан басқа құлшылық ету тиым салынды. Чехтардың гуситтік қозғалыспен қатысты ұлттық храмдары сынға алынды. Инквизиция елден бірнеше мыңға жуық протестанттарды қудаланды. Көтерілісшілер мен қашқандардың жерлерін конфискацияға ұшырап, мүлік жергілікті мен неміс католиктеріне бөліп берілді. 1627 жылы Прагадағы “Похоронный сейм” чехтардың ұлттық тәуелсіздігінен айырылды. “Грамота величие” жоққа шығарылып, Чехия бұрынғы құқықтары енді болмады[1.322]. Белоя горадан кейінгі жеңістен кейін лига әскерін бастаған қолбасшы Тилли, көз алдындағы облыстарды тонап, солтүстікке қарай бет алады. Өзінің жорықтары кезінде жергілікті жерде католицизмді қолдап, оның тәртібін орнатады. Бұл болса, Дания мен Англияға өз мүдделері үшін қауыпты деп санай бастады. Сонымен қатар Франция Еуропада Габсбургтердің бас алуын қаламады. Сондықтанда империя ішіндегі қақтығыс біртіндеп сыртқа шыға бастады. Габсбургтердің күшіюі мен Тилли қолбасшының солтүстікке қарай жорығы, Дания королі IV Кристиан қауіпті деп санады. Ол өзінің иелігіне аландай бастады, бірақ сонымен қатар өз иеліктерін жеңген бойда көбейткісі келді. 1625жылы Англия мен Голландияның қаржылай көмегімен Дания Тиллиға қарсы жорық басталады. Осылай отыз жылдық соғыста дат кезеңі басталады. Дат кезеңінде Франция дипломатия арқылы неміс протестант княздерімен келіссөздер жүргізді. Габсбургтер лагеріндегі арасындағы қарама-қайшылық салып, антигабсбурглік коалицияны күшейтуді ойластырды[2.299].

Солтүстіктен шыққан жаңа қарсыласқа император II Ферденанд Католик лигасының әскері емес, өзінің қолынан шыққан әскер керек болды. Бірақ оған қаржы жетіспеді. Осы кезде аренаға тәжірибесі бар қолбасшы Альбрехт Валленштейн шығады. Ол чех дворян-католигі, бірінші кезеңдегі соғыстан кейін оның иелігінде солт-шығыс Чехияның көп бөлігі оның қолында болды. Ол императорға жаңа жүйені құруға ұсынады. Ол жүйе бойынша әскер өзін-өзі қамтамасыз ету керек еді. Осы жергілікті халыққа үлкен контрибуция қойып, әскерді қамтамасыз етеді. Әскер саны көп болса, қарсы шығатынтар қатары аз болады. Былай

айтқанда тонауды заңды қылдыру амалдарын ұсынды. Император болса, осыған келіседі. Өзінің бірнеше округтарын береді, ары қарай өздері-өзін қамтамасыз етеді. Берілген округтер мен жаулап алынған жерлер толықтай тонаушылыққа ұлысады[1.323]. 1627-28 жылғы әскери қимылдар Габсбургтерге жеңіс әкеледі. Тилли мен Валленштайн әскерлері дат пен протестант княздерін жеңіді. Бірақ Штральзунд қаласында жеңіліс табады, өйткені ол қаланы қорғауға шведтер көмек тесті. IV Кристианның неміс протестант княздер одақтастары сенімсіз болып шықты. Валленштайн мен Тилли Ютландияны басып алып, дат королі бейбіт келісімге шақыруға мәжбүр болды. 1629 жылы Любекте бейбіт келісім орнатады. Осыдан оны “Любекский мир” деп атады. Ол келісім дат королі IV Кристианға тиімді болды. Келісім бойынша Дания герман ісіне араласпауға келісім беріп, территориясынан айырылмады.

Император тағы протестанттарға тағы соққы береді. Даниямен бейбіт келісімге дейін, 1629 жылы 6 наурызда император “Реституционный эдикт” жарылайды. Ол бойынша 1552 жылы католиктерден тартып алынған жерлерді қайтару еді. Бұл болса протестанттар арасында қарсылықтар туғыза бастады. Валленштайнға болса сыйлық ретінде Мекленбургстық княз-герцогті береді. Сонымен қатар жаңа титул “генерал Балтийского и Океанического морей” беріледі. Валленштайн болса, флот құрастыра бастады. Бұл болса солтүстік елдердің қарсылықтарын туғыза бастады. Валленштайндың әскери жеңістер Католик лигасымен, Габсбургтер арасында қызғаныш туғыза бастады. Бірте-бірте император оның сенімділігіне күмандана бастады. Католик лигасы мен Максимилиан Бавар басшылығы қысымынан Валленштайн император бұйрығымен отставкаға кетеді. Оның әскері болса, таратылды[2.300].

Дат кезінен кейінгі келісім Франция, Англия және әсіресе Швецияға ұнамады. Өйткені Габсбургтер Солтүстік Германияда өз ықпалын орнатты. Сондықтан келесі қақтығыста шведтердің кіруі таң қалмайтын жайт еді. Габсбургтердің солтүстікке қарай ықпалы мен жаңа бәсекелестің пайда болуы Швецияға ұнаған жоқ. Швеция өзі Балтық теңізін ішкі көлі ретінде көргісі келді. Сондықтан 1629 жылы Польшамен бейбіт келісімге келгеннен кейін, 1630 жылы жазда Померанияға жорық жасайды. Осы кезде Швецияның жорықтарына Франция қаржылай көмек көрсетіледі. Померанияға жорықты жасаған швед королі Густав-Адольф өзі еді. Густав-Адольф батыл қолбасшы мен оның әскери тактикасы Германия жерінде әлі белгілі болмады. Тактика бойынша швед әскері толық қамданған ату қаруы мен жеңіл зеңбіректерді қолданды. Жаяу әскер қатары мен атты әскерлер қолданыды. Әскер қатарында бастапқыда таза швед адамдары болған еді. Швед әскері бастапқыда Германия территориясы тираннан азат ету, неміс протестанттарын қорғау, Реституциондық эдиктті жасауды тоқтату деген ұранмен келді. Бастапқыда жергілікті халықты Густав-Адольф әскері тонамаған еді. Сондықтан жергілікті халық оны құшақ жая қарсы алған болған. Швецияның отыз жылдық соғысқа енуі, соғыстың жергілікті мінезден, Германия территориясындағы еуропалық соғысқа айналды. Герман жеріндегі Бранденбург пен Саксон курфюрстары, Дания жеңілгені есінде болып, Густав-Адольфқа ашық түрде көмектеспеді. Осыны қолданған қолбасшы Тилли әскерімен швед қолдау көрсеткен Магдебург қаласын басып алып, тонайды. Тилли әскері 30 мыңға жуық қала тұрғындарын қырғынға ұшыратады. 1631 жылы қыркүйекте Тилли әскері мен Густав-Адольф әскерімен Лейпциг жанындағы Брейтенфельд деревнясында қақтығысқа түседі. Қақтығыс кезінде Тилли әскері ойсырата жеңіледі. Осы соғыс нәтижесінде шведтерге Орталық пен Оңтүстік Германия ашық болды. Шапшан қимылдармен Густав-Адольф Рейнеге жетеді. Қысты Майнце өткізеді. Сол кезде әскери жорықтар уақытша тоқтаған еді. 1632 жылы көктемде Аугсбургта болады да, Лехе өзенінде император әскерін толқандайды. Осы шайқаста Тилли ауыр жарақат алып, қаза табады. 1632 жылы мамырда Густав-Адольф әскері Бавария астанасы Мюнхенге кіреді. Жеңістер швед королінің ұлы держава құруындағы жоспарына толық тесімділігін арттырды. II Фердинант Густав-Адольфтың жеңісі оған үрей туғызып, Валленштайнды қайта шақырады. Оған шексіз билікті қолына беріледі. Ол бетімен салық ала алды және өзі

қарсыласушы елмен бейбітке келуге мұрша берілді. Валленштайн келісіп, қысқа уақыт ішінде әскер жинайды. Валленштайн шведтердің жаңа тактикасын өз әскеріне қолдануды бастады. Ал Густав-Адольф болса, тактикасы күту мен маневривированияға көшкен еді. Бұл швед тактикасы, жау әскерінде шабуыл жасау күші төмендеуі мен әскердің аштан қырылуына әкелді. Швед әскерінің бастапқыдан қарағанда өзгере бастады. Бастапқыда егер олар тонаушылықпен айналыспаса, енді тонаушылықтар басқа қарсылашусы әскерлер сияқты болған еді. Өйткені бастапқы әскер қатары соғыс кезінде жойылған, сондықтанда жалдамалы әскерге көшіге тура келді[1.325].

Валленштайн Саксонияны шведтермен одақтан бас тарту мақсатында, оның жерін тонай бастайды. Саксония болса, Густав-Адольфты көмекке шақырады. 1632 жылы Лейциг жанында Люцен қаласында екінші үлкен шайқас басталды. Шведтер Валленштайн әскерін жеңіп, Чехияға шегіндіреді. Бірақ осы шайқас кезінде Густав-Адольф қаза табады. Енді әскер швед канцеляры Оксеншернаға бағынатын болды[2.302]. Густаф-Адольф өлгеннен кейін швед гегемониясы Германияда құлай бастады. Княздіктер болса, Габсбургтермен келісімге келгісі келді, егер олар олар контрреформацияны басқа жер иелерінде жүргізбесе. Осыны Валленштайн қолданып, 1633 жылы Швеция, Франция, Саксониямен келіссөз жүргізді. Валленштейн императорға дипломатиялық ойлары туралы айпаған еді. Сондықтан II Фердинант оны сатқындықта күмәндана бастады. 1634 жылы Валленштайнды әскер билеуден алады. Екіншіден императорға берік болған офицерлер Валленштайды Эгер қаласында өлтіреді. 1634 жылы күзде швед әскері бұрынғы күшін жоғалта бастады және Нердлингенде жерінде шайқаста император әскерінен жеңіледі. Испан әскері мен император әскерлері шведтерді Оңтүстік Германиядан шегіндіреді. Сонымен қатарда батыста протестант княздігін тонай бастады. Бұл княздіктердің императормен келіссөзге деген ынтасын күшейте түседі. 1635 жылы Прагада император Саксония курфюрстпен Реституционный эдақты 40 жылға жүргізбеуге келісім береді. Осы шартпен басқа да княздіктер де “Пражский мир” қатарына қосыла бастады. Бұл саяси оқиға Габсбургтерге қолайлы бола бастады, сондықтан соғысқа енді Франция қосылды[1.326]. Швециямен одақты қайта жанданып, Франция австриялық пен испандық Габсбургтерге қарсы соғыс қимылдарын бастаған еді. Швеция мен Франк одағына Біріккен провинция республикасы (Голландия), Савоя мен Венеция қосылады. Осылай Антигабсбургтық одақ күшінің басымдылығы көріне бастады. Франк-швед кезінде соғыс үлкен шайқастарға емес, кішігірім жергілікті шайқасқа ауыса бастаған еді. Өйткені соғысушылар арасында ресурстар біртіндеп азая бастағаны көрініс табады.

1640-45 жылдары шведтердің басымдылығы Солтүстік Германияда, ал француздардың Рейн мен Оңтүстік Нидерландыда көрінеді. Швед қолбасшысы Торстентсон екінші рет Брейтенфельде 1642 жылы 2 қарашада император әскерін жеңеді. Шведтер Селезия мен Моравияның бірнеше орындарын басып алды. Оңтүстік Нидерландыда француз әскерлері ханзада Конде басқаруымен 1643 жылы Рокруда шайқасында испандықтарды жеңеді. Бірақ ары қарай соғысу қиынға соғады өйткені Швецияның Балтық теңізіндегі мүддесі, Даниямен сәйкес келмей екі ел арасында 1643-45 ж соғыс басталады. Сондықтан Решелье өлгеннен кейінгі, оның жалғастырушысы Мазарини Дания мен Швеция арасындағы бейбіт келісімге ынталандырды. Келісім бойынша Швейция Даниядан Эзель мен Готланд аралдарын алады[2.303]. Даниямен келісімге келгеннен кейін, швед әскері шапшан түрде оңтүстікке ұмтылды. 1645 жылы наурызда шведтер император әскеріне Оңтүстік Швециядағы Янкове шайқасында жеңіске жетеді. Сонымен қатар олар австриялықтардың жеріне кіреді. Ары қарай швед әскері Дунайды айналып, француз әскерімен Чехия, Австрия мен Батыс Венгрияға қауіп төндіру керек те, бірақ Мазарини шведтердің күшейгенін қаламады. Сондықтан Максимилиан Баварскимен келіссөз жүргізіп, бейбітке келеді. Осы шведтердің Чехияға деген шабуылын уақытша тоқтатқан еді. Бірақ бейбіт келісім ұзаққа созылмады. Швеция әскері мен Саксониямен Чехияға шабуылдап, Прагаға келеді. Бірақ жергілікті күштердің қарсылықтарына тап болып, тоқтап қалады. Осы отыз жылдық соғыста

чехтер екі тараптың тек тонаушылықпен айналысатына көз жеткізіп, партизан соғыстары басталған еді. Көптеген ауыр жеңілістерден кейін, император III Фердинанд 1648 жылы оған мәжбүрлі түрде ұсынылған бейбіт келісімді алуға тура келді. Келісім екі қалада болды. Біріншісі Вестфаль осыдан келісім аталуы алады және екіншісі Оснабрюк қалаларын қойылынды. Вестфаль келісімі Швеция, Франция мен неміс княздіктердің мүдделерімен қойылған келісім еді[2.304].

Вестфалия әлемінің негізгі нәтижелері ол жүз жыл бұрын жарияланған, бірақ іс жүзінде сақталмаған діни сенім бостандығын халықаралық құқық деңгейінде жариялады. Тіпті бір қалада католиктер мен протестанттардың қатар өмір сүруі, атап айтқанда шіркеулер аны, қалалық кеңестегі өкілдік және т.б. сияқты мәліметтер айтылды. Германия үшін бұл, сонымен қатар, жекелеген аймақтардың тәуелсіздігін нығайтуды және діни фактор енді мемлекеттік құрылымда ешқандай рөл атқармайтын болды. Егер бұрын халықаралық құқықтың субъектілері монархтар болса, қазір олар егемен мемлекеттер болды. Тіпті жекелеген курфюрліктерге тәуелсіз сыртқы саясат жүргізуге, соғыс жариялауға және бейбітшілік орнатуға мүмкіндік берілді (егер бұл империяға зиян келтірмесе). Мемлекеттер арасындағы құқықтық теңдік және бір мемлекеттің екінші мемлекеттің ішкі істеріне араласпау қағидаты жарияланды[6].

Вестфаль келісімідегі шешім бойынша Швеция Батыс Помирания Штеттин портымен, сосын Шығыс Помиранияның бір бөлігі, Рюген мен Волин аралдары және Померан шынағанындағы қалалар алынды. Осылай шведтер Қасиетті Рим империясындағы территориясын алып, империялық княздіктер болды. Сонымен қатар империя ішіндегі іске араласуға құқылы болды. Біріккен провинция республикасы халқаралық тұрғыда өзінің тәуелсіздігі мойындалды. Өзінің тікелей тәуелсіздігі Швейцариялық одақта мойындалды. Курфюрст Брандербургский Франция қолдауымен Шығыс Помиранияны алды, сонымен архиепископства Магдебург пен епископтық Гальберштадт пен Миден алды. Саксония өз қатарына Лужиц жерлерін алды. Бавария болса, Верхний Пфальцті қосты. Франция сонымен бірге өзінің әскери мақсаттарына қол жеткізді, австриялық тәждің эльзалық иеліктерін алды және осылайша Габсбургтардың қолынан босатылды. Испания болса, Вестфаль келісімі соғыстың бір жағын ғана жапты. Ол Франциямен 1659 жылға дейін соғысты[1.328].

Отыз жылдық соғыс Германия жеріне құрдым мен қырғыннан басқа ештеме әкелмеді. Солт-Шығыс пен Оңт-Батыс Германия жерлерінде халық саны екі есе төмендеді. Кей жерлерде болса он есе. Чехияда болса соғыс басында 2.5 млн-нан, 700 мың қалды. Көптеген қалалар қиратылды, ал жүздеген ауылдар жойылды. Жер жыртатын жерлер орманмен өсіп кетті. Саксондық пен чех шахтылары істен шықты. Соғыс Германия дамуын көп ұзаққа тоқтатып қалдып, Қасиетті Рим империясы одан әрі бөлшектене бастады. Вестфаль келісімі европалық қарым-қатынаста із қалдырып, Еуропада саяси аренада жаңа ойыншылары көрінеді[1.329].

Пайдаланған әдебиеттер:

1 История средних веков. В 2 т. Т. 2; Учеб. Для вузов по И 90 спец. “История”/ Л.М. Брагина, Ю.М. Сапрыкин, А. Н. Чистозвонов и др.; Под ред. З. В. Удальцовой и С. П. Карпова – М.: Высш. Шк., 1991.- 400с.

2 История средних веков (в двух томах), т. II Учебник. Под ред. С.Д. Сказкина и др. Изд. 2-е, прераб. М., “Высш. школа”, 1977

3 Дүние жүзі тарихы: Ежелгі және орта ғасырлар тарихы. 1-том:

Оқу құралы. 3 томдық. / А.Қ. Қапышев, Е.А. Шайхығалиев – Алматы: “Бастау”, 2017.- 328бет.

4 Орта ғасырлар тарихы: оқу құралы / Қ.Т. Жұмағұлов, Р.С. Мырзабекова. – Алматы: Қазақ университеті, 2015.- 254 б.

5 Веджвуд, С. В. Тридцатилетняя война. — Москва: АСТ, 2013. — С. 533. — ISBN 978-5-17-077244-5.

6“Deutsche Welle” газети - Как мирилась враждующая Европа 370 лет назад | Культура и стиль жизни в Германии и Европе | DW | 24.10.2018

К ВОПРОСУ О ПРИЧИНАХ ПОБЕД ФРАНЦИИ ВО ВРЕМЯ НАПОЛЕОНОВСКОЙ ЭПОХИ

Алпысбай А.А.

Научный руководитель: магистр Тургунова А.К.

СКУ им. М.Козыбаева

arman200300400@gmail.com

На сегодняшний день не угасает интерес среди исследователей, историков, ученых к Наполеоновским войнам. Так, причины войн Наполеоновской эпохи раскрыты Троицким Н. А., Соколовым О.В., Фроловым Б.П., Черкасовым П.П. Каждый из исследователей провел множество времени в полном изучении библиографии и хроник сражений Наполеона Бонапарта и его маршалов.

Целью статьи является изучение причин непобедимости одной из величайшей армии существовавших в Европе в начале XIX века, и показать на примере Франции дух патриотизма граждан, в особенности молодых военнослужащих храбро сражавшиеся в течении 20 лет за свободу своего государства.

Президент Республики Казахстан в расширенном заседании коллегии Минобороны РК 23 мая 2019 года и 19 ноября 2020 года озвучил об увеличении боевой готовности военнослужащих из-за резких изменений в мире, а так же близости Казахстана к последним военных конфликтам, таких как Нагорно-Карабахский конфликт 2020 года. На заседании коллегии Минобороны РК были подняты вопросы поддержки государством своих военнослужащих в виде социального обеспечения военнослужащих и членов их семей, это является важным критерием для поддержания эффективной армии. На сегодняшний день это является важным и актуальным вопросом для страны. Франция является прародительницей современных армий - это касается как организации войск, социального статуса, социального обеспечения, возможностей профессии военного и т.д.

Наполеон Бонапарт родился на острове Корсика в городе Аяччо 15 августа 1769 года в семье мелкого аристократа. Предки Наполеона участвовали в нескольких крестовых походах и являлись сторонниками императорской партии, из-за этого они носили прозвище сторонников хорошего дела — «buona parte». Известно, что его предки жили во Флоренции, но 1529 году переселились на Корсику. Большинство Бонапартов в XVIII веке служили в магистратуре или занимались адвокатурой, как Карло Бонапарте отец Наполеона. Матерью Наполеона являлась - Летиция Рамолинно она была дочерью генерального инспектора мостов и дорог на Корсике. В 13 лет её выдали замуж за Карло Бонапарте.

Корсика – четвертый по величине остров в Средиземном море, за всю свою историю она являлась островом, которым управляли не местные жители, а другие люди с континента. С 1347 года Корсика принадлежала Генуэзской республике. Генерал Паскуале Паоли в 1755 году был провозглашён лидером повстанцев Корсики, и начал активные боевые действия с генуэзцами, и к концу года большая часть острова принадлежала Корсиканцам [1, с.16].

18 ноября 1755 года Корсика приняла Конституцию и объявила суверенитет. Конституция Корсики является одной из первых кодифицированных национальных конституций независимой республики, и можно считать её первыми образцами современных конституций и демократии. В 1761 году Республика начала чеканила свои собственные